

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі
«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаты
Г. Нұрымоваға

2021 жылғы 17 ақпандағы
№ ДС-54

Құрметті Гүлдара Алданышқызы!

Медициналық кадрлармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша Сіздің депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ресми статистикалық деректер бойынша республикада 10 мың тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз ету 39,7, орта медициналық персоналмен қамтамасыз ету 96,5 құрайды, бұны Еуропалық Одақ елдерінің көрсеткіштерімен салыстыруға болады.

Сонымен қатар, Үкімет Денсаулық сақтау саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.

Медицина қызметкерлерінің жалақысы (01.07.2019 ж.бастап – 30% – ға, 01.01.2020 ж. бастап-30% - ға) өсті. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен көтеру, 2023 жылға қарай оның деңгейін экономикадағы орташа жалақыдан 2,5 есе жоғары жеткізу көзделген.

Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде ел бойынша медицина кадрларының тапшылығы орта есеппен 25% - ға төмендегені байқалады. 2021 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша кадрларға қажеттілік 4219 бірлікті құрады, оның ішінде ауылдық елді мекендерде – 1 104 бірлік.

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге келген мамандарды ынталандыру және бекіту үшін «Дипломмен ауылға!» жобасы жүзеге асырылуда.

Жоба аясында 100-АЕК (291 700 тг) мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы және 1500-АЕК (4 375 500 тг) тұрғын үйге бюджеттік кредит қарастырылған. Кредиттеу мөлшерлемесі 15 жыл мерзіммен бар болғаны 0,01% құрайды.

Сондай – ақ жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі-ЖАО) әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын көздейді: көтерме жәрдемақы, лауазымдық айлықақысына қосымша ақы төлеу, тұрғын үй алаңын (үй, пәтер, жатақханадағы

бөлме) бөлу (жалға алу), отын үшін шығыстарды өтеу, коммуналдық шығыстар, балабақшадан орын бөлу, медициналық жоғары оқу орындарында, ғылыми зерттеу институттары мен орталықтарда нысаналы грант есебінен оқыту.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын (*бұдан әрі – Заң жобасы*) әзірлеуде, ол мемлекеттік органдарда келісілуде.

Заң жобасында еңбек қатынастары басталған сәттен бастап үш ай ішінде медицина қызметкерлерін коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан ЖАО жалға алған тұрғын үйден басым тәртіппен тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды көздеу жоспарлануда.

Сондай-ақ, үш жыл бойы мемлекеттік тапсырыс есебінен білім алған түлектердің ауылдық квота бойынша міндетті жұмыспен өтеу нормасы енгізілді.

Жас мамандарды дербес бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысымен бекітілген маманды жұмысқа жіберу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтардың жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе міндетін тоқтату қағидаларына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың қажеттіліктері мен өтінімдерін ескере отырып, Денсаулық сақтау министрлігі комиссиясының шешімі бойынша жүргізіледі.

Жас мамандарды ауылдық елді мекендер мен моноқалаларда орналасқан ұйымдарға бөлу кезінде оларға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету және тұрғын үй беру басым шарт болып табылады.

Ағымдағы жылы жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандардың күтілетін жалпы шығарылымы шамамен 9 000 адамды құрайды, оның ішінде 6 463 адам міндетті түрде бөлінуге жатады, оның ішінде 995 адам – ауылдық квота шеңберінде.

2020-2021 оқу жылында медициналық мамандықтар бойынша бакалавриатта даярлауға 2700 орын, оның ішінде клиникалық емес мамандықтар бойынша 200 орын бөлінді (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 199 Қаулысы*).

Бұдан басқа, 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейін «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша мемлекеттік тапсырысты жыл сайын 4685-тен 5185-ке дейін (*бакалавриат – 2700, резидентура – 1500 (2023 – 2025 жылдары 2000 – га дейін біртіндеп ұлғайта отырып), магистратура – 325, докторантура-160 орын*) арттыру көзделеді.

Бүгінде бөлінген гранттар саны өңірлердің ағымдағы қажеттілігін жабу үшін жеткілікті болып табылады.

Сонымен қатар, кадрлар тапшылығын одан әрі төмендету мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі Денсаулық сақтау саласындағы Білім және ғылым ұйымдарының жас мамандарының жоспарланып отырған бітіруін, сала мамандарының табиғи кетуін және ел халқы санының серпінді өсуін ескере отырып, медициналық мекемелердің 2030 жылға дейін 10 000 тұрғынға кадрлармен қамтамасыз етілуіне болжам жасады.

Анықтама: медициналық кадрлармен қамтамасыз ету 2021 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 74787 маманды құрайды (39,8), 2022 жылға – 75716 (39,3), 2023 жылға – 76619 (40,0),

2024 жылға -77308 (40,0), 2025 жылға 77978 (40,0), 2026 жылға - 78635 (40,0), 2027 жылға - 79284 (40,0), 2028 жылға - 79934 (40,0), 2029 жылға - 80589 (40,0), 2030 жылға - 81256 (40,0)).

Жалпы денсаулық сақтау жүйесін дамыту және кадрлармен қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов

Орын: Г.Е. Құспекова 750002